Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындысы туралы талдамалық анықтама

21 қазан 2026 жыл **Қалбатау ауылы**

Ішкі талдау объектісі: Жарма ауданы білім бөлімі және білім беру мекемелері.

Жұмыс тобының құрамы: Ақзамов Д.Т., Садыкова Г.Т., Оспанова М.О., Амешова С.А., Кожабеков К.О., Траиспаева А.А., Ракишева М.К., Сембинов Е.К-келісімімен.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2017 жылғы 1 наурыздағы №37 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада №14441 болып тіркелген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және «Жарма ауданы білім бөлімі» ММ бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер (кодекстер, заңдар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, министрлердің бұйрықтары), уәкілетті органдардың тексерулерінің материалдары, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы осы талдаудың көздері болып табылады.

Қамту кезеңі: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) басшылыққа алынып, 2025 жылдың шілде мен 2026 шілде айларындағы жұмыс кезеңі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бұйрықта көрсетілген бағыттар бойынша жүзеге асырылды.

I. Бағыт бойынша- талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында білім бөлімі және білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау тұрғысынан бөлімнің дұрыстығын қозғайтын нормативтік құқықтық актілер қаралды.

Талдау барысында нормативтік-құқықтық актілер зерделеніп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Бөлім – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады, ол Жарма ауданы аумағында мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру жүйесінде басшылықты жүзеге асырады.

Бөлімнің ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Құқықтық нормалардың қайшылықтары мен бәсекелестігін анықтау.

«Бақыршық орта мектебі» КММ- де ҚР ӘҚБтК-тің 79 бабы 2 бөлігімен Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу арқылы әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берілген.

«П.Г.Карелин атындағы орта мектебі» КММ Қазақстан Республикасы Қаржы минстрінің 09.10.2024 жылғы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларының 532, 533 тармағы бұзылған.

Жауапты тұлғалардың жауапкершілігі шешілді.

Білім беру мекемелерінде құқықтық нормалардың қайшылықтары мен бәсекелестігі ішкі құжаттарда анықталмады.

Жұмысқа қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Бөлімде штат бойынша **3** мемлекеттік қызметкер жұмыс атқарады (1-басшы, 2 - бас маман), бос лауазымды орындар жоқ.

Әдістемелік кабинет қызметкерлерінің штаттық кестесіне сәйкес, 1-әдістемелік кабинет меңгерушісі, 11-әдіскер, 1-бас есепші, 1-бас экономист, 1,5–есепші, 2-экономист, 1-еден жуушы. Жалпы **18,5** бірлік. Бала күтімінде -1 әдіскер, бос орындар саны – 1 есепші.

Штаттан тыс жұмысшылардың штаттық кестесіне сәйкес, 1-іс жүргізуші, 1-хатшы, 1-көлік жүргізуші. Жалпы **3** бірлік. Бос орындар саны - 2 (хатшы, көлік жүргізуші).

Бос орындар лауазымы бойынша хабарлама берілді.

2025 жылғы шілде айынан 2026 жылғы шілде айына дейінгі кезеңде білім бөліміндегі кадрлардың қозғалысы бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді.

Көрсетілген кезеңде:

- жұмысқа қабылданған саны – _4_ адам (2-әдіскер, 1-экономист, 1-есепші);
    - оның ішінде тұрақты жұмысқа қабылданғандар – _4_ адам (2-әдіскер, 1-экономист, 1-есепші);
    - уақытша жұмысқа қабылданғандар –жоқ;
    - жұмыстан босатылғандар саны – 1 адам көлік жүргізушісі.

Жұмыстан босатылу себептері бойынша:

- өз еркімен жұмыстан босатылғандар – 1 адам көлік жүргізушісі;
- басқа жұмысқа ауысуына байланысты – жоқ;
- еңбек шартының мерзімі аяқталуына байланысты – жоқ;
- зейнеткерлікке шығуына байланысты – жоқ;
- басқа да негіздер бойынша – жоқ.

Жұмысқа қабылдау және шығару бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және мүдделер қақтығысы анықталмады.

II. Екінші бағыт бойынша – ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Жарма ауданының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру.

Орта білім: желі - 37 бірлік контингент 6000 оқушы, оның ішінде ауылдық жерде - 33 контингент 4833оқушы. ШЖМ - 26, оның ішінде оқушы саны -1566 оқушы.

Аудан бойынша 2026 жылы жазғы демалыс 35 білім беру мекемесінде тамақтанумен және «Мейірім» спорттық-сауықтыру лагерінде 400 балаға 4 ауысымда ұйымдастырылды.

2026 оқу жылында 1-10 сынып оқушылар саны – 5733, 2785 бала тамақтанумен, 2522 бала танамақтанусыз 3 сағаттық түрлі үйірмелер (қол өнер, робототехника, ән, би, дебат, спорттық, тілдік үйірмелер) ұйымдастырылды.

Барлығы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының рұқсатымен жұмыс жасады.

Мектептерде спорттық секциялар саны 158, бала саны - 2548, үйірмелер - 139, бала саны - 1786. Мектептен тыс спорт мектебіне 1166 бала қатысады.

Өнер мектебіндегі жалпы оқушылар саны – 530 оқушы 11 бағыт бойынша білім алады.

Білім беру мекемелерінің білім алушыларымен жүргізілетін конкурстар, олимпиадалардың аудандық кезендерінің өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Оқушылар олимпиадасының аудандық кезеңіне 1000-нан астам оқушы қатысқан. Олимпиада электронды форматта1 компьютер-1 оқушы-1 камера принципі негізінде «EL UMITI» цифрлық онлайн платформасы ақпараттық жүйесінде прокторинг жүйесін қолданумен өткізілген. Қатысушыларға жауап парақтары, тапсырмаларды алу үшін жеке логин, пароль беріліп, олимпиада кезеңінде бейнежазу менYoutube каналында тікелей эфирде жүргізілді. Олимпиаданың қорытындысы бойынша нәтижелер altynsaqa.online платформасында жарияланды.

Оқушылармен өткізілген олимпиада бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Педагогтармен жүргізілетін түрлі конкурстарға арнайы комиссия құрылып, ережеде көрсетілген бағалау критерияларына сәйкес жүргізілген.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарма ауданы бойынша білім беру саласында 25 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

2025-2026 оқу жылы білім бөлімі және бөлімнің ведомстволық бағынысты ұйымдары 6014 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Оның ішінде:

- электрондық үкімет порталы арқылы – 2520 мемлекеттік қызмет;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 87 мемлекеттік қызмет;
- қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 2547 мемлекеттік қызмет;
- қызмет көрсетушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық форматта – 860 мемлекеттік қызмет.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізделген бас тартулар 52 өтініш бойынша берілді, оның ішінде: 46 – электрондық форматта және 6 – қағаз форматында.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

Ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.

Білім беру саласындағы сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

«Балаларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» - 666 өтініш;

«Жалпы білім беретін мектептерде оқитын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы білім алушыларды тегін және жеңілдетілген тамақпен қамтамасыз ету» - 713 өтініш;

«Мектепке дейінгі жастағы (6 жасқа дейінгі) балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жолдау үшін кезекке қою» - 256 өтініш;

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және қабылдау (оқуға қабылдау)» -915 өтініш.

Білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді 50-дан астам қызметкер көрсетеді, олар қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген.

2025 жыл ішінде білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысты шағымдар түскен жоқ.

Ішкі мемлекеттік бақылау бақылау іс-шаралары мен мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мониторингтеу нысанында жүзеге асырылады. 2025-2026 оқу жылына арналған бақылау іс-шаралары жоспарына сәйкес Жарма ауданының білім беру ұйымдарының 3-еуіне бақылау іс-шарасы өткізілді. Қорытындысы бойынша 3 ұсыным әзірленді, оның ішінде 3 орындалды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында.

2025 жылғы шілде айынан 2026 жылғы шілде айына дейінгі кезеңде білім бөліміне 187 өтінім келіп түсті. Оның ішінде, 58-өтініш, 12-шағым, 62-ұсыныс, 55-хабарлама, сұрау, қайта шағымдану- 8, телнұсқа- 9.

Почта арқылы-1, жеке өзі келіп берілген өтінімдер – 19, "Е-өтініш"АЖ арқылы түскен өтінімдер саны – 167.

Барлығы қарастырылған саны – 179.

Шығарылған шешім бойынша: әкімшілік акт қабылданды-46, қолайлы әкімшілік акт қабылданды – 38, ауыр әкімшілік акт қабылданды-12, оның ішінде тыңдау өткізілмеген -8, авторға жауап берілді -77, тоқтатылды (АӨК 89-бабы, 70-бабы) - 12, назарға алынды (АППК 89-бабы) - 25, басқа да – 11.

Қайта бағытталған өтінімдер саны – 17. Ішінара бағытталған өтінімдер саны - 5.

Барлығы уақтылы жауап берілген, өтініштің қаралуы бойынша шағымдар түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы өтініштер түспеген.

Шешімге шағымдану құқықтарын түсіндіру туралы өтініштер болмаған.

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

3.Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2026 жылы Абай облысының білім басқармасы «Жарма ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін жоспарлау және пайдалану сәйкестігіне мемлекеттік аудит нәтижесінде бірқатар бұзушылықтар анықталды:

№511 Қағидалардың 37-тармағы және №184 Қағидалардың 34-тармағы талаптарының бұзылуына байланысты мекеменің 2025 жылға арналған бюджеттік өтінімдеріне 149-ерекшелік бойынша сатып алынатын тауарлардың бірлік құнын негіздейтін құжаттар жалпы сомасы 294,0 мың теңгеге қоса тіркелмеген. Анықталған бұзушылық жойылған. 149-ерекшелік бойынша сатып алынатын тауарлардың бірлік құнын негіздейтін құжаттар бюджеттік өтінімдерге қоса тіркелген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1193 қаулысына 2-қосымшаның талаптарын бұза отырып, 4 277,2 мың теңге мөлшерінде еңбекақыны негізсіз жоғарлату және артық төлеу туралы.

Тексерілетін кезеңде қызметкерлерге еңбекақы есептеу бекітілген штат кестесінің негізінде, лауазымдар санаттары бойынша еңбекақы есептеу кезінде қолданыста болған бекітілген коэффициенттерді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша лауазымдар санаттарының дұрыс айқындалмағаны анықталып, соның салдарынан 2023 жылы қызметкерлерге 4 277,2 мың теңге мөлшерінде еңбекақы негізсіз жоғарлатылып, артық төленген.

Қазіргі уақытта тексеру нәтижесінде анықталған артық төленген еңбекақы сомасын барлық қызметкерлер бюджет кірісіне толық көлемде өтеді.

Анықталған бұзушылықтар бойынша жауапты лауазымды тұлғалармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Лауазымдық айлық ақыларды есептеу кезінде коэффициенттердің дұрыс қолданылуына бақылау күшейтіліп, азаматтық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қосымша зерделеу қамтамасыз етілді.

№256 Қағидалардың 1-тарауының 2-тармағын бұза отырып, 106,9 мың теңге мөлшерінде іссапар шығыстарының негізсіз төленуі туралы.

Іссапар шығыстары ретінде төленген 106,9 мың теңге бюджет кірісіне толық көлемде өтелді.

№179 бұйрыққа 1-қосымшаның ескертпесін және Абай облысы әкімінің 2023 жылғы 6 наурыздағы №13 өкімін бұза отырып, жанар-жағармай материалдарын 192,8 мың теңге сомасында негізсіз есептен шығару туралы.

Қызметтік автокөліктің жүріс лимитінің асып кетуіне қатысты мынаны хабарлаймыз: автокөлік құралдарын пайдалану өндірістік қажеттілікке және мекемеге жүктелген функцияларды орындауға байланысты жүзеге асырылды.

Негізсіз есептен шығарылған жанар-жағармай материалдарының сомасы бюджет кірісіне өтелді.

4. Мемлекеттік сатып алу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеме "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 904 бұйрығы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы өзге де нормативтік құқықтар актілерге сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

Мемлекеттік аудиттің анықтау барысында 2025 жылғы шілде 2026 жылғы маусымға дейінгі кезеңде 51 шарт жасалып, оның ішінде, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 26 шарт, ашық конкурс тәсілімен 3 шарт, өткізілмеген мемлекеттік сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен 12 шарт, электрондық дүкен арқылы 2 шарт, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 8 шарт жасалды.

№511 Қағидалардың 37-тармағы және №184 Қағидалардың 34-тармағы талаптарының бұзылуына байланысты мекеменің 2025 жылға арналған бюджеттік өтінімдеріне 149-ерекшелік бойынша сатып алынатын тауарлардың бірлік құнын негіздейтін құжаттар жалпы сомасы 294,0 мың теңгеге қоса тіркелмеген. Анықталған бұзушылық жойылған. 149-ерекшелік бойынша сатып алынатын

тауарлардың бірлік құнын негіздейтін құжаттар бюджеттік өтінімдерге қоса тіркелген.

Білім бөлімі, «М.Аймақов атындағы орта» КММ, «Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ, «Қарасу орта мектебі» КММ «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына сәйкес, тапсырыс беруші шарт қолданылуын тоқтатқан (орындалған немесе орындалмаған) күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізілімінің электрондық нысанын толтыру жолымен шартың қолданылуын тоқтатпаған. Жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі шешілген.

Ұсыныс:

1. Жабдықтаушының тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету шартынан туындайтын міндеттемелерді уақтылы және сапалы орындалуы қадағалансын.

2. Шарттық цикілдің барлық кезеңдерінде мемлекеттік сатып алу туралы ақпараттың ашықтығы мен жариялылығына қамтамасыз етілсін.

3. Мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне қатысушылар арасындағы мүдделер қақтығысын анықтау және алдын алу жөніндегі шараларды күшейту.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат аясында Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын бұзуды болдырмау бойынша жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

5. Қызметтік автокөліктің белгіленген жүріс лимиттерінің сақталуына және бастапқы есепке алу құжаттарының дұрыс ресімделуіне бақылау күшейтсін.

6. Қызметкерлерді іссапарға жіберуге негіз болатын құжаттардың толықтығы мен дұрыстығына бақылау күшейтілсін.

7. Лауазымдық айлық ақыларды есептеу кезінде коэффициенттердің дұрыс қолданылуына бақылау күшейтіліп, азаматтық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қосымша зерделеу қамтамасыз етілсін.

8. Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарын орындалуын күшейту үшін, мекемеде **«Құқықтық оқыту күнін»** ұйымдастыру.

күшейту үшін, мекемеде **«Құқықтық оқыту күнін»** ұйымдастыру.

9. Қызметтік міндеттердің орындалуына ішкі бақылауды күшейту.

10. Конкурстарда адалдық, әділ шешім шығаруда бейнежазбалар жүргізілуі қажет.

11. Мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандар арнайы семинарлар мен курстарға қатысу.

III Қортынды бөлім

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері бөлімнің интернет-ресурсында орналастырылсын.

Жұмыс тобының мүшелері:

Ақзамов Д.Т.

Садыкова Г.Т.

Оспанова М.О.

Амешова С.А.

Кожабеков К.О.

Траиспаева А.А.

Ракишева М.К.